


**ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШТЫ**

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



**ӘЛІППЕСІ – ӘЛЕУЖЕЛІ, ЕМІЗІГІ – ТІКТОК**

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



**ҚАЗАҒЫНЫҢ ҚАЗАНАТЫН ІЗДЕГЕН**

7-БЕТ | РУХАНИЯТ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

*Кейбір ұл-қыздарымыздың ана тілімізді білмеуіне не шала білуіне, ең алдымен, ата-аналары кінәлі.*

**Бауыржан МОМЫШҰЛЫ**

№21
(4765)
Сенбі
22 ақпан
2025 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ



5

# ЕЛОРДА МЕДИЦИНАСЫНЫҢ ЕРТЕҢІ ҚАНДАЙ?

Астана тұрғындарының қарқынды өсуіне байланысты денсаулық сақтау мекемелерінің жүктемесі де артып отыр. Қаладағы барлық емхана жоспарға сәйкес 11 мың келуші қабылдау керек болса, бүгінде олар екі есе көп адамға қызмет көрсетуде. Бұл мәселені шешу үшін алдағы 3 жылда қаланың әр аумағынан 6 жаңа емхана ашу жоспарланып отыр.

Бүгін «Астана Арена» стадионында футболдан Қазақстанның суперкубогы сарапқа салынады.

Суперкубок үшін «Қайрат» және «Ақтөбе» командалары таласады. Ойын сағат 15:00-де басталады. Бұл матчқа билеттер толық сатылып кетті. Сондай-ақ осы күні сағат 17:00-де «Барыс Арена» стадионында КХЛ чемпионатының «Барыс» және «Адмирал» командалары арасындағы ойын да өтеді. Екі ойынның бірінен соң бірі өтуіне байланысты көлік кептелісі жоғары болады деп күтілуде. Сондықтан футбол матчының көрермендері үшін қозғалыс тек Қабанбай батыр даңғылы арқылы жүргізіледі. Ал хоккей жанкүйерлері тек Тұран даңғылы арқылы кіріп-шыға алады. Астана қаласының әкімдігі стадионға барушылардан уақытша өзгерістерге түсінікпен қарауды және қозғалыс бағытын алдын ала жоспарлауды сұрайды.




## ПОЙЫЗ БИЛЕТІ ҚЫМБАТТАЙДЫ

ҚР Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитеті төрағасының орынбасары Нұржан Келбұғанов пойыз билетінің қымбаттайтынын мәлім етті.

«1 наурыздан бастап инфляцияға қатысты индексация жасалып, пойыз билеті қымбаттайды. Бұл – жыл сайынғы шара. Былтыр инфляция 20 пайыздан асып түскен кездің өзінде бізде билеттер 7 пайызға ғана қымбаттады. Биыл да баға осы көлемде ғана өседі» деді комитет өкілі.

Бүгінгі таңда Қазақстанда 2672 жолаушылар пойызы қатынайды. Өткен жылы 143 вагон сатып алынса, биыл 226 вагон жеткізілген. Жаңа вагондар сұранысқа ие бағыттарда қатынайды.




## BUS LANE-мен ЖҮРУГЕ РҰҚСАТ

Елордада Сығанақ көшесінен Қорғалжын тасжолына дейінгі учаскеде автобус жолағымен жүруге уақытша рұқсат етілді.

«Д.Қонаев көшесінде «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының жанындағы жер үсті жаяу жүргіншілер өткелін қайта жаңғыртуға байланысты осы жылдың 19 ақпанынан бастап жол қозғалысын ұйымдастыруға уақытша өзгеріс енгізілді. Тұран даңғылының Сығанақ көшесінен Қорғалжын тасжолына дейінгі аралығында көлік жүктемесін азайту үшін Bus Lane, яғни автобус жолағымен жүруге уақытша рұқсат етіледі. Қала тұрғындары мен қонақтары елорда жолдарындағы өзгерістерге түсінікпен қарап, назарға алуды сұраймыз» делінген хабарламада.



# БЮДЖЕТКЕ 135 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ ҚАЙТАРЫЛҒАН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғары аудиторлық палатаның төрағасы Әлихан Смайыловты қабылдады. Президентке Жоғары аудиторлық палатаның былтыр атқарған қызметінің қорытындылары мен осы жылға арналған жоспары жөнінде мәлімет берілді.

Президентке былтыр 214 нысанда құны шамамен 11 триллион теңгені құрайтын 27 аудиторлық іс-шара өткізілгені туралы баяндалды. Соның нәтижесінде жалпы сомасы 862 миллиард теңге болатын түрлі нормалардың бұзылғаны анықталды. Тексерістердің қорытындысы бойынша бюджетке 135 миллиард теңге қайтарылды. Бұл 2023 жылы өтелген қаржыдан бес есе артық.

Мемлекет басшысына құрылыс нысандарындағы баға қалыптастыру, өңдеу өнеркәсібі жобаларын қаржыландыру, ауыл шаруашылығын субсидиялау ісінде олқылықтар үнемі байқалатыны айтылды. Жоғары аудиторлық палата барлық анықталған заң бұзушылықты жою үшін Үкіметке ұсыным беріп, жауапты мемлекеттік органдарға нұсқама жолдаған.

Ә.Смайылов биыл 40-тан астам аудиторлық іс-шара өткізу жоспарланғанын жеткізді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Астана және Алматы қалалары, Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Жамбыл облыстары, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» қоры, «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясы, KEGOC кәсіпорны, Ұлттық банк, Төтенше жағдайлар министрлігі бюджеттерінің орындалуы тексеріледі. Сонымен қатар ғылым, қорғаныс, құқықтық тәртіпті сақтау, спорт, әлеуметтік қамтамасыз ету, орман шаруашылығы салаларында аудиторлық тексерістер жүргізіледі.

Кездесу соңында Президент мемлекеттік аудит жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыруды тапсырды. Сонымен қатар бюджет қаржысының игерілуін тиімді бақылау үшін заманауи цифрлық шешімдерді енгізудің маңызына назар аударды.

# ТАЛАПТАР КҮШЕЙЕДІ

Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысының қауіпті өндіріске тартылған азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру мәселелері бойынша жиын өткізді.



Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов, Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев жаңа тәсілдер және еңбек қауіпсіздігі саласындағы атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады. Басқосуға Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, сондай-ақ Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлері қатысты.

Қауіпсіз еңбек тұжырымдамасы аясында нысандарды цифрландыруды ескере отырып, нормативтік құқықтық актілер қайта қаралады, өнеркәсіп қауіпсіздігін, ғылымды дамытуды және тиісті орталықтар құруды қамтамасыз ететін нысандарға қойылатын, сондай-ақ мемлекеттік еңбек инспекторының кадрлық әлеуеті мен құқықтық мәртебесін арттыру жөніндегі талаптар күшейтілді.

Қазіргі уақытта өнеркәсіп қауіпсіздігі бойынша жекелеген талаптар қайта қаралып жатыр. Осылайша, азаматтық қорғау туралы заң жобасы шеңберінде апаттық-құтқару қызметтеріне қойылатын талаптар қатаңдатылады, өндірістік бақылау стандарттары күшейтілуде, қауіпті өндірістік нысандар иелеріне жабдықтарды жаңарту және жаңғырту бойынша жаңа міндеттер көзделген. Сонымен қатар өнеркәсіптік қауіпсіздік нысандары паспорттарын жасауға, апаттарды есепке алуды және басқа да процестерді автоматтандыруға мүмкіндік беретін «Е-ӨҚК» ақпараттық жүйесін іске қосу жоспарланып отыр.

Премьер-министр өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы бақылау тетігіне ерекше назар аударды. Төтенше жағдайлар министрлігі ӨҚМ және ЕХӘҚМ-мен бірлесіп, тексеру қорытындысы бойынша өнеркәсіптік нысандар меншік иелері мен басшыларының қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша жауапкершілігін күшейту жөнінде ұсыныстар енгізу тапсырылды.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Төтенше жағдайлар, Экология және табиғи ресурстар министрліктерімен бірлесіп, өнеркәсіп қауіпсіздігі шараларын уақытылы қаржыландыру үшін жер қойнауын пайдаланушылардың тау-кен жұмыстарына талдау жүргізіп, бақылауға алуы қажет. Өнеркәсіп және құрылыс, Төтенше жағдайлар министрліктері газдар шығарындыларымен байланысты тәуекелдерді азайту үшін шахталарды алдын ала газсыздандыру нормативтерін әзірлеуі қажет. ЦДИАӨМ отандық IT-мамандармен бірлесіп, өнеркәсіп қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жаңа шешімдер әзірлеуді тапсырды.

# ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІНЕ НАЗАР АУДАРДЫ

Президент Ұлытау облысындағы «Қазақмыс» корпорациясына қарасты кеніште орын алған қайғылы оқиғаға байланысты еңбек қауіпсіздігі саласында қатаң сақталуға тиіс жағдайларға назар аударды.

Бекітілген талаптардың өрескел бұзылған фактілері бар. Нысандардың өнеркәсіптік қауіпсіздік жүйесімен жабдықталу деңгейі өте төмен. Компаниялар еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жобаларға тиісті мөлшерде инвестиция салмайды. Мұның барлығы техногенді апаттарға, жұмысшылардың қаза табуы мен жарақат алуына әкеп соқтырады.

Президент қатерлі өндіріс орындарында жұмыс істейтін азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша Үкіметке мынадай іс-шаралар қабылдауды тапсырды:

1. Нысандарда өнеркәсіптік қауіпсіздік нормаларының сақталуына қатысты тексеру жүргізу;

2. Аталған нысандарға заманауи қауіпсіздік жүйесін, соның ішінде газ белгі беру құрылғыларын, сейсмикалық қондырғыларын, позиционирлеу жүйесін және тағы басқа тиісті әдіс-тәсілдерді әзірлеу мен енгізу;

3. Болжау мен құлақтандырудың автоматтандырылған жүйесін енгізе отырып, нысандарды цифрландыру;

4. Тексеру қорытындысы бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың жұмыс бағдарламаларына түзетулер енгізіп, заманауи өнеркәсіптік қауіпсіздік жүйесіне салынатын инвестиция көлемін ұлғайту жолын қарастыру;

5. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бақылау мен қадағалау тетіктерін қатаңдату.

Мемлекет басшысының бұл тапсырмаларын Президент Әкімшілігі ерекше бақылауда ұстайды.



# САЛЫҚ РЕФОРМАСЫНА АРНАЛҒАН ПОДКАСТ

Taldau Talks подкастының Қазақстандағы салық реформасына арналған жаңа шығарылымы Сенаттың YouTube-арнасында жарияланды. Салық кодексінің жобасына енгізілетін түзетулер Парламент депутаттарының қарауына ұсынылуына байланысты осы тақырыпты талқылау маңызды болып отыр.

Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев, Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин, «Атамекен» ҰКП төралқасының төрағасы Райымбек Баталов, сондай-ақ белгілі экономист Алмас Чукин үш сағаттық ашық әңгіме барысында салық реформасының алғышарттарын және оның негізгі бағыттарын, еліміздегі бизнес пен жалпы экономикалық жағдайға әсерін егжей-тегжейлі талдады.

Подкаста көтерілген мәселелердің қатарында ҚҚС мөлшерлемесін өзгерту, бизнеске салық жеңілдіктері, мемлекеттік шығындарды оңтайландыру, салық саясатының инфляцияға әсері, сондай-ақ, өтемақы мен атаулы әлеуметтік көмек тетіктері бар. Сенат төрағасы атап өткендей, салық реформасы – Қазақстанның ұзақ мерзімді дамуына бағытталған стратегиялық маңызды бастама.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев оңтайлы және теңгерімді салық жүйесін құру міндетін жүктеді. Сондықтан бәріміз осы маңызды, қажетті және тиімді құжатты қабылдау үшін бірлесіп жұмыс істеуіміз керек. Салық реформасы еліміздің ұзақ мерзімді, сапалы және тұрақты дамуына, сондай-ақ, барлық әлеуметтік міндеттемелерді орындауға бағытталған» деп атап өтті Палата төрағасы Мәулен Әшімбаев.

# 2 ЖЫЛДА 80 АУЫЛ ЖОҒАЛҒАН

Мәжілісте шекаралық елді мекендердің мәселесі талқыланды. Жиында баяндама жасаған Мәжіліс депутаты Жигули Дайрабаев дөңгелек үстелге қатысушыларға ауыл халқының жылдан-жылға азайып бара жатқанына назар аударуды сұрады.

«Бүгінде елімізде 6208 ауыл бар, ал 2023 жылы 6286 ауыл болды. Сонда тек 2 жылдың ішінде 80 ауыл жойылды. Күні кеше ғана Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысындағы сөзінде ауылдық аймақтарды жан-жақты дамытуға арналған мемлекеттік қолдау шараларының бәрін бір бағдарламаға біріктіру қажет екенін баса айтқаны баршаңызға мәлім. Сондықтан осы мәселені талқылап, ауылдарды, соның ішінде шекара маңындағы ауылдарды дамыту бойынша нақты шешімдерге келген жөн» деді ол.

Ұлттық экономика министрлігінің мәліметі бойынша кейінгі 10 жылда Қазақстан картасынан 572 ауыл жойылған.



# ҚОС ТҰЛҒА АТЫНДАҒЫ КАБИНЕТ

Астана қаласы №8 мектеп-лицейінде Б.Момышұлы атындағы алғашқы әскери дайындық кабинеті және Ә.Қашаубаев атындағы музыка кабинеті ашылды. Оған Астана қаласы мәслихатының депутаты Мәдина Әжікенова, әскери қызметкерлер мен мұғалімдер қатысты.




– Мектебімізде қазақ халқының даңқты ұлдары – Әміре Қашаубаев пен Бауыржан Момышұлы атындағы кабинеттерді ашып отырмыз. Өздеріңізге белгілі, Әміре Қашаубаев – қазақтың бұлбұл әншісі, ұлттық өнерімізді әлемге танытқан тұғырлы тұлға. Ал Бауыржан Момышұлы – ерліктің, батырлықтың символы, қазақ әдебиеті мен әскери ғылымына өлшеусіз үлес қосқан қайраткер. Олардың есімін ардақтау – жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеудің, оларды ұлы тұлғалардың өмірі мен еңбегінен өнеге алуға бағыттаудың бірден-бір жолы. Бұл кабинеттер оқушыларға терең білім мен тәрбиенің ұясы боларына сеніміміз мол, – деді №8 мектеп-лицей директоры Гүлнұр Айтимова.

Кабинеттердің ашылу салтанатынан кейін оқушылармен «Отты жылдардың мазасыз күндері» атты патриоттық кездесу өтті.

# БЕЛСЕНДІ ОҚУШЫЛАР БАЙҚАУЫ

Махамбет Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайында «Үздік мектеп парламенті» байқауының қалалық іріктеу кезеңі басталды. Оқушылардың көшбасшылық қабілетін шыңдауға бағытталған байқауда 39 мектептің дарынды білім алушылары бақ сынайды.

**Индира БЕРЖАНОВА**



Байқау мектеп парламенті қызметін жандандыру, оқушылардың алған білімін өмірлік тәжірибеде қолдану дағдысын қалыптастыру, креативті дамыту, ғылыми-шығармашылық қабілетін жетілдіру көздейді.

«Мектеп парламенті білім беру технологиясы ретінде жаңа буын көшбасшыларын тәрбиелеуге ықпал етеді. Осы арқылы жастар сыни ойлау, көшбасшы болу, қоғамдағы мәселелерге көзқарасын білдіру секілді қабілеттерді игереді. Қалалық кезеңнің жеңімпаздары Қызылорда қаласында өтетін республикалық байқауға қатысуға жолдама алады» деді М.Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайы директорының орынбасары Айымгүл Жабаева.

4 кезеңнен тұратын сайыс барысында әр топ өзін-өзі басқару жүйесін дамытуға арналған бастамаларымен бөлісіп, өзара тәжірибе алмасады. «Біз біргеміз» атты алғашқы кезеңде оқушылар шығармашылық идеяларын ортаға салса, «Жылдың үздік жобасында» түрлі тақырып бойынша өз жобаларын таныстырады. Үшінші кезеңде жағдаяттарды шешіп, сыни ойлау қабілетін көрсетуі қажет. Соңғы кезеңде пікірсайыс қозғалысын насихаттау, экологиялық бастамаларды көтеру және өзге де әлеуметтік тақырыптарда ой бөліседі.

Елордада алғаш рет өткен тартысты додада тың идея ұсынған жасөспірімдер көп. Солардың бірі – №73 мектеп-лицей оқушысы Тимур Әлиев.

«Әр мектеп білім алу ордасы ғана емес, оқушының тұлғалық болмысын ашуға ықпал ететін ошақ екені сөзсіз. Оған мектеп қабырғасындағы парламенттер тікелей атсалысады. Біздің топ «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде ұлттық құндылықтар мәнін барынша дәріптеуді мақсат етіп отыр» деді оқушы.

# НАШАҚОРЛЫҚ ЗАРДАБЫ АЙТЫЛДЫ

Елордадағы №103 орта мектепте Есіл ауданы прокуратурасы мен Есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасының ұйымдастыруымен темекі өнімдерінің зияны, нашақорлық пен вандализм зардабы туралы мектеп оқушыларына арналған дәріс өтті.





Жиынға Есіл ауданы прокуратурасының бөлім прокуроры Дінмұхаммед Затыбеков пен қалалық Полиция департаменті нашақорлықпен күрес басқармасының аға жедел уәкілі, полиция подполковнигі Лейла Разимова қатысып, білім алушыларға тақырыпқа байланысты өз баяндамаларын ұсынды. Сонымен қатар есірткі бизнесіне қатысты бірнеше тақырыптық видео көрсетіп, оқушылармен бірге талқылады. Д.Затыбековтің айтуынша, бүгінде жастарға есірткі бизнесінің салдары туралы айтып отыру қажет.

– Жыл сайын елімізде нашақорлар саны артып келеді. Ресми мәліметтер бойынша олардың саны 18 мыңнан асады. Ал нақты көрсеткіш әлдеқайда жоғары болуы мүмкін. Сондықтан қазір жастар арасында бұл мәселені талқылау өте маңызды. Бұл дәрісте оқушыларға есірткі бизнесі туралы бірнеше бейнеролик ұсынып отырмыз. Онда бұл жолға түскен адамдардың қазіргі өмірі туралы көрсетіледі. Қарапайым өмірден алынған мысалдар мектеп оқушыларына есірткі бизнесінің салдарын түсіндіреді, – дейді ол.

Астана қаласы Полиция департаменті нашақорлықпен күрес басқармасының аға жедел уәкілі, полиция подполковнигі Лейла Разимованың сөзінше, қалада кәмелетке толмағандар және оларға қатысты жасалатын есірткі қылмысының саны артқан.

Алдағы уақытта да қалалық Полиция департаментінің қызметкерлері осы тақырыпқа байланысты оқу орындарында профилактикалық іс-шаралар, яғни акция, семинар мен дәрістер ұйымдастырып отырады.

Жұмысшы мамандықтары жылы аясында Астанада «FAV Service gGmbH» мен «URBAN» колледжі арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Келісім негізінде халықаралық кәсіби білім беруді дамытып, Қазақстан жастарының Германияда білігін арттыру көзделген.

# ГЕРМАНИЯДА ТЕГІН БІЛІМ АЛАДЫ



**Индира БЕРЖАНОВА**

Екіжақты ынтымақтастық 18-26 жастағы жастарға қолдау көрсету, халықаралық ортада оқыту арқылы білікті кадрларды дамыту, сол арқылы еліміздегі кәсіби даярлық деңгейін арттыруға бағытталған.

– Біздің колледж түлектері аталған келісім шеңберінде Германияның «FAV Service gGmbH» компаниясында тәжірибе алмасып, дуальді оқыту жүйесі негізінде білімін арттыра алады. Білім алушыларға өздеріне сәйкес келетін техникалық мамандықтар бойынша 3 жыл көлемінде тегін оқу мүмкіндігі беріледі. Ай сайын 900 еуро көлемінде шәкіртақы беріліп, студенттің тұруына да қаржы бөлінеді. Аталмыш компаниямен келісім Қазақстан бойынша алғаш рет біздің колледжде жүзеге асты, – деді өз сөзінде «URBAN» колледжі директорының оқу-өндіріс жұмыстары бойынша орынбасары Дархан Жоламанұлы.

Бастама жұмысшы мамандықтарын дәріптеп, кәсіби кадрларды дайындау арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болып қалыптасу идеясын насихаттауды көздейді. Бұл жоба халықаралық білім беру саласындағы ынтымақтастықты дамытуда маңызды қадам болып, Қазақстан мен Германия арасындағы кәсіби-мәдени байланысты нығайтады, сондай-ақ жоғары білікті мамандар даярлауға елеулі үлес қоспақ.

# ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ КӨМЕК КӨРСЕТТІ

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы және «Жақсылық марафоны» аясында «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының волонтерлері елорданың Сарыарқа ауданында тұратын жалғызбасты зейнеткердің ауласын қардан тазартты.

Астаналық волонтерлер әр апта сайын зейнеткерлердің үйіне барып, қар тазалау жұмысына атсалысып жүр.

– Мұндай қамқорлық пен қолдау зейнеткерлер үшін маңызды деп ойлаймын. Қарт адамдардың алғысын алу – біз үшін ең үлкен мотивация. Волонтерлік қызмет – тек қар тазалау ғана емес, ол қамқорлық пен қолдауды қажет ететін жандарға жылулық сыйлауға мүмкіндік береді, – дейді «Астана жастары» орталығының волонтері Индира Маремова.

Ұйымдастырушылардың сөзінше, бұл бастама тек қарттардың тұрмыс мәселелерін шешіп қана қоймай, қоғамда жанашырлық пен өзара көмек мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Астанада қар күреу жұмысы тоқтаусыз жүреді. Қаланың коммуналдық қызметтері тәулік бойы күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр.



№21 (4765) 22/02/2025 Сенбі






# «JOLTAP» ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШТЫ

Астанада азаматтардың табысын арттырып, тұрақты жұмыс табуына арналған бағдарлама бар. Ол – Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында 2023 жылдың қыркүйегінен бастап елордада жүзеге асып келе жатқан «Joltap» әлеуметтік жобасы. Ол – елорда әкімдігі мен «Жаңа мүмкіндік» қоғамдық қорының бірлескен бастамасы. Бүгінге дейін жоба аясында 9 мыңнан астам қала тұрғыны қысқа мерзімді оқудан өтіп, білігін арттырып қана қоймай, қалаған мамандықты меңгеріп, жұмысқа орналасты. «Жаңа мүмкіндік» қоғамдық қорының жобаны іске асыру бойынша операторы, PR-менеджер Тимур МУСИН осы туралы пікір білдірді.

**– Тимур Борамбайұлы, «Joltap» қандай жоба?**

– «Joltap» – еңбек шараларымен қамту арқылы Астана қаласы тұрғындарының табысын арттыруға бағытталған әлеуметтік жоба. Астана қаласы әкімдігінің бастамасы Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында іске асуда. Жоба аясында азаматтар мемлекеттік қолдау шаралары бойынша кеңес алып, Астана әкімдігінің басқармаларына тікелей өтінім қалдыра алады. Сондай-ақ осы жобаға қатысушылар 17 жұмысшы және цифрлық мамандық бойынша қысқа мерзімді оқудан өте алады және қаланың өзекті бос жұмыс орындары жайлы jumystap.kz сайты арқылы ақпарат ала алады.

**– Бұл жобаға кімдер қатыса алады?**

– Мақсатты аудитория – жұмыссыз азаматтар, тәжірибесі мен білім-білігі жоқ NEET санатындағы жастар, ауыл-аймақтан жаңадан көшіп келген азаматтар және табысын арттыруға мүдделі жандар. Астанада адам көп жүретін 7 ірі сауда орнының алдында «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттері орналасқан. Онда барған адам осы жерде қысқа мерзімді оқуға жазылумен бірге жоба серіктестерінен жұмыс тауып, jumystap.kz сайтына тіркелуге әбден болады. Сондай-ақ жастарға арналған несие, тұрғын үй кезегі, атаулы әлеуметтік көмек алу сынды 52 мемлекеттік қолдау шарасы бойынша кеңес алуға және көптеген цифрлық көмек көрсетіледі, оның ішінде электрондық сандық қолтаңба беру, сол сияқты мектептерге, балабақшаларға және баспанаға кезекке тұруға көмектесу мәселелері қарастырылған. Қызметтердің барлығы тегін. Жалпы жобаның мүмкіндігін Астана қаласының 18-ден асқан әрбір тұрғыны пайдалана алады.

**– Білуімізше, қатысушылар алдымен қысқа мерзімді оқудан өтуі керек. Бұл ретте олар үшін жоба аясында қандай мамандықтар қарастырылған?**

– Әлбетте, біздің жобаға қатысу үшін азамат алдымен өзінің жанына жақын мамандықты таңдайды. Жоба аясында азаматтар 10 жұмысшы және 7 цифрлық мамандық бойынша оқудан өте алады. Олар: тігінші, сәнгер-құрастырушы, сатушы-кассир, бухгалтерлік есеп негіздері, корпустық жиһазды құрастыру негіздері, Kaspi-дүкенде сату негіздері, аяқ киім жөндеу және кілт әзірлеу, электргазбен дәнекерлеу, автокөлік майын және шинасын ауыстыру маманы және бариста. Сонымен бірге жобаға қатысушылар SMM, сайт құрастырушы, видеомонтажер, графика дизайнері, контент-криэйтор, таргет маманы және бастапқы цифрлық дағдылар бойынша білім ала алады. Курсқа 18-50 жас аралығындағы астаналықтар жазыла алады.

**– Әлеуметтік жоба аясында осы уақытқа дейін қанша елордалық білігін арттырып, жұмысқа орналасты?**

– Бұл жоба Астанада 2023 жылдың қыркүйегінен бастап жүзеге асып келеді. Сол уақыттан бері 26 мың Астана тұрғыны «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттері арқылы кеңес алып үлгерді және 9,5 мың адам қысқа мерзімді оқуды аяқтады. Жұмыс іздеуге бағытталған jumystap.kz сайтына 14 мың адам тіркелді. 7 мыңнан астам азамат жұмысқа тұрды немесе тапсырыстарды орындай бастады. 1 мыңнан астам жеке кәсіпкер жаңа жұмыс орындарын ашты.

**– Өткен жылы жоба аясында қанша өтініш түсті?**

– 2024 жыл ішінде оқу бойынша 36 мың өтінім, ал мемлекеттік қолдау шаралары бойынша 5 мың өтінім қалды. Өткен жылы 13000-нан астам жас жұмыспен қамтылып, «Жасыл ел» жобасы аясында 4200 адам елорданы абаттандыруға қатысты. «Joltap» жобасы аясында 3773 жас SMM, таргетинг және графика дизайны сияқты цифрлық мамандықтарды, ал 3904 адам тігінші, бариста, кассир және бухгалтерлік есеп негіздерін меңгерді. Қысқасы, «Joltap» жаңа мүмкіндіктерге жол ашты.

**– Оқу процесі қалай жүргізіледі?**

– Оқу толығымен тегін. Бағдарлама жергілікті бизнес өкілдерімен бірге жасалған. Бұл ретте теориялық, практикалық білім алуға ерекше көңіл бөлінеді. Сыныптар қажетті заттармен жабдықталған. Келушілерді жоғары тәжірибелі практик-мамандар оқытады. Корпустық жиһазды құрастырудың негіздері, аяқ киім жөндеу және кілт әзірлеу, электргазбен дәнекерлеу, автокөлік майын және шинасын ауыстыру маманы бойынша оқыту кәсіпорындарда өтеді. Оқуды аяқтап, қажетті дағдыларды алған қатысушылар әртүрлі салада, оның ішінде қалалық өнеркәсіп кәсіпорындарында, сервис компанияларында жұмысқа орналасты, сонымен қатар кофеханалар, шеберханалар, дүкендер және фриланс жобалары сияқты жеке кәсібін ашты. Оқу мерзімі 3 күннен 1 айға дейін созылады. Қатысушылар оқуды толық аяқтап, емтиханды сәтті тапсырған соң, оларға сертификат беріледі. Жалпы «Joltap» жобасы алдағы жылы азаматтарды көптеп оқыту және қолдау жұмысын жалғастырады.

**– Жобаға қалай жазылуға болады?**

– «Joltap»-қа қатысу үшін байланыс орталығының нөміріне хабарласу қажет. Сонымен қатар жобаның «Баршаға мүмкіндік» деп аталатын модульдік пункттеріне барып жазылуға да болады. Олар мына мекенжайлар бойынша орналасқан: Жастар сарайы (Республика даңғылы, 34), «Встреча» СҮ (Абылай хан даңғылы, 31А), «Азия парк» СОО (Қабанбай батыр даңғылы, 21), «Тұлпар» СО (Ш.Уәлиханов көшесі, 24В), «Mechta» СҮ (Сығанақ көшесі, 3Б), Еңбек мобильділігі орталығы (Бейбітшілік көшесі, 9). Call-орталық нөмірі: +7-707-221-31-31.

Бетті дайындаған **Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

# ЦИФРЛЫҚ ДАҒДЫНЫ ҮЙРЕТІП ЖҮР

«Joltap» жобасындағы «Базалық цифрлық дағдылар» курсын оқытушы Диас Махатов 2024 жылдың сәуір айынан бері беріп келеді. Осы уақытқа дейін ағылшын, математика және цифрлық сауаттылық бойынша жеке дәріс жүргізген ол бүгінде жоба қатысушыларына цифрлық дағдыларды үйретуде.



Айтуынша, елордалықтардың заман талабына сай цифрлық сауатты болуға деген қызығушылығы жоғары.

– 5 күндік «Базалық цифрлық дағдылар» оқыту курсында компьютермен жұмыс істеу тәсілдері түсіндіріледі. Microsoft Office-ті пайдаланудан бастап қажетті бағдарламаларды орнату әдістері де көрсетіледі. Курс барысында практикаға көп мән беріледі. Жоба аясында жабдықталған кабинетте цифрлық дағдыларды үйренуге болатын қажетті құралдар бар. Студенттерге алдымен теориясын түсіндіріп, кейін практикалық жұмысқа назар аударамыз. Әр студент жеке компьютерде жұмыс істей алады. Осылайша олар күнделікті өмір мен жұмысқа қажетті дағдыларды үйреніп жүр. Олардың әрқайсысы цифрлық әлемде қажет болатын практикалық дағдыларға ие болды. Енді олар компьютерді тиімді пайдаланып, кеңсе бағдарламаларымен жұмыс істеуді біледі, – деді Диас Махатов.

Елордада жүзеге асып жатқан «Joltap» жобасы қала тұрғындарына жұмыс тауып беріп қана қоймай, білігін және кәсіби мүмкіндігін арттыруға көмектесіп жатыр. Жоба түлегі Айсұлу Сәметова оқу барысы туралы ой бөлісті.

# КЕРЕК КӘСІПТІ МЕҢГЕРДІ

Ол жиһаз дизайны саласында жұмыс істейді. Бала күтіміндегі демалыста бос уақыты болғандықтан, өзінің жанына жақын мамандықты меңгермек болады. «Joltap» жобасы туралы әлеуметтік желіден оқып-білген.

– Instagram желісіндегі хабарламаға көзім түсіп кетті. Мұны өзімді дамытуға, көзқарасымды кеңейтуге және жаңа мамандықты игеруге қажет мүмкіндік деп қабылдадым. Жоба маған қажет нәрсенің бәрін береді деген үміт болды. Осыған дейін жиһаз жасау саласында жұмыс істегенмін, бірақ жүйелі білім жетіспейтін. «Joltap» курсы маған барлық білгенімді жүйелеуге және жаңа дағдыларды меңгеруге көмектесті, – деді жоба түлегі.

Айсұлу алдымен жиһаз құрастырушы мамандығы бойынша оқуды таңдаған. Тәжірибелі мұғалімнің жетекшілігімен өткен курстарда ол тәжірибеге ерекше көңіл бөлді.

– Біз өлшемдерді есептеуді, материалдарды таңдауды және жиһаз құрастыруды үйрендік. Курстың соңында жиһазды өз бетімше құрастыра алатын болдым. Бұл білім мамандығыма деген сенімді арттыруға және білігімді кеңейтуге мүмкіндік берді, – деді ол.

Курс барысында Айсұлу жиһаз дизайнері ретінде өзіне қажет білімді толықтай меңгергенін, курсты оқып жүріп, мобилографияға да қызығушылық танытқанын айтты. Сол себепті ол осы мамандықты қосымша меңгеріп алмақ болды.

– Қысқа мерзімде қарқынды оқыту курсынан өттік. Негізгі назар тәжірибеге берілді. Көп ұзамай кәсіби мобилографияны үйрендім. Бұл білім маған карьера жолында мүмкіндіктерімді кеңейтуге көмектесті, енді оны жұмысыма да қолдана аламын. Тиісінше, жалақым да артты, – деді жоба түлегі.

Айтуынша, бұл жоба өзін жаңа салада байқап көруге және мамандығы бойынша әлдебір дағдыларды дамытуға ерекше мүмкіндік береді.




# ЕЛОРДА МЕДИЦИНАСЫ: САЛАНЫ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР КҮТІП ТҰР?

Өткен жылы елордалықтардың орташа өмір сүру ұзақтығы 73 жасқа жетті. Халық саны 100 мың адамға артып, 1 млн 528 мың адамды құрады. Бұл туралы қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасының отырысында басқарма басшысы Әлия Рүстемова мәлімдеді. Аталмыш жиынға Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерік Мейрханов пен ҚР Денсаулық сақтау министрінің орынбасары Ержан Нұрлыбаев төрағалық етті.

Соңғы деректерге сүйенсек, 2035 жылы қала халқының саны 2,3 миллионға жетеді деген болжам бар. Дегенмен, соңғы 7 жылда туудың орташа жылдық өсімі 5,7% төмендеген. 2024 жылы туу коэффициенті 19,41 құрады, ал 2023 жылы бұл көрсеткіш 21,13 еді. Еліміз бойынша орташа көрсеткішке қарағанда, өсім 5,8%-ға жоғары болып отыр.

Жалпы өлім-жітім көрсеткіші 1,2%-ға артқан. Бұл демографиялық өзгерістер халықтың «қартайып» келе жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар денсаулық сақтау қызметтеріне деген сұраныстың артуы мен инфекциялық емес аурулардың ауыртпалығы да себеп болып отыр.

Қала басшылығының ең басты міндеттерінің бірі – денсаулық сақтау нысандарын салу бойынша инвестициялық жобаларды іске асыруды жалғастыру, медициналық кадрлар ресурстарын нығайту, инфекциялық және инфекциялық емес аурулардың қауіп факторларын анықтау жұмыстарын жүргізу.

### ЖҮКТЕМЕ КӨБЕЙДІ

2024 жылы елорданың 47 емханасы 11,7 млн адамға, оның ішінде 4,2 млн балаға амбулаторлық көмек көрсеткен. Бұл келушілердің саны 12%-ға өскенін білдіреді. Ал 992,5 мың адам дәрігерді үйге шақыртқан. Дегенмен, салалық мамандарға деген сұраныс 12%-ға азайыпты. Ал профилактикалық екпе қабылдағандар саны 2,2 есеге артса, 16 жасқа дейінгі балаларды жоспарлы вакцинациялау 85,3%-ды құрады.

Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемованың айтуынша, қазіргі таңда қала емханалары ауыр жүктемені арқалап отыр. Әр емхана орташа есеппен 1,5-2 есе көп тұрғынға қызмет көрсетеді. Мәселен, барлық емханалар жоспарға сәйкес 11 мың келушіні қабылдау керек болса, бүгінде нақты 22 мыңнан астам адамға қызмет көрсетеді. Бұл мәселені шешу үшін алдағы 3 жылда 6 жаңа толыққанды емхана ашу жоспарланған, оның ішінде 2 мемлекеттік емхана болады.

Халық санының өсуі мен қала құрылысы жоспарына сәйкес, денсаулық сақтау қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін емханаларды ұлғайту және өндірістік базалар – филиалдар ашу жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі таңда 12 ірі мемлекеттік емхананың 27 филиалы (отбасылық медицина орталықтары) болса, алдағы уақытта 12 жеке медициналық ұйымның 46 филиалы ашылады.

«Орталық емханаларда кеңес беру-диагностикалық көмек көрсету жоспарлануда, ал босатылған алаңдарда клиникалық-диагностикалық



орталықтар ашу арқылы тіркеу кезегін қысқарту және диагностикаға қолжетімділікті жақсарту көзделіп отыр. 2025 жылы филиалдар ашу жұмысы жалғасады. 2024 жылы 548 мыңнан астам скринингтік зерттеу жүргізіліп, жылдық жоспардың 98,4%-ы орындалды. 20 мыңнан астам ауру анықталды, оның 88,2%-ы диспансерлік есепке алынды. Әсіресе, сүт безі және жатыр мойны обырын ерте анықтауға назар аударылып, әйелдерге арналған профилактикалық тексерулердің қамтуы ұлғайтылды» дейді басқарма басшысы.

### ХИРУРГИЯ ОРТАЛЫҚТАРЫ АШЫЛДЫ

2024 жылы жастардың денсаулығын қорғау орталықтары 10-29 жас аралығындағы 109 427 адамға медициналық көмек көрсеткен. Сондай-ақ хирургиялық көмектің қолжетімділігін арттыру үшін қаладағы 9 медициналық ұйымда амбулаторлық хирургия орталықтары ашылып, инвазивті емес араласулар жүргізілуде.

Емдеудің нәтижелері бойынша, жүрек-қан тамырлары ауруларының таралуы 2,9%-ға азайғанымен, миокард инфарктісі бойынша аурулардың көбеюі байқалады.

«Биыл Мемлекет басшысының «Жұмысшы мамандықтары жылын» жариялау аясында денсаулық сақтау саласында орта медициналық персоналдың практикалық дағдыларын дамытуға ерекше назар аудару қажет. Біз медбике практикасын дамытуға, орта медициналық персонал арасында тәлімгерлікті қалыптастыруға және олардың жетістіктерін ынталандыруға баса мән беретін боламыз» дейді басқарма басшысы Әлия Рүстемова.

Біліктілікті арттыру арқылы шамамен 500 медициналық қызметкерді қамту жоспарлануда, соның ішінде эпилептолог, сурдолог секілді тағы басқа сирек мамандар бар.

### ПӘТЕР МӘСЕЛЕСІ ҚАШАН ШЕШІЛЕДІ?

Елордада жас мамандардың көбі жалдамалы пәтерде тұратыны жасырын емес. Жалақыны жыл сайын көтерсе де, күн сайын қымбаттап бара жатқан баға бір бүйірден қыспаққа алады. Биыл дәл осы мәселеге қатысты медициналық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау күшейтілмек. Мәселен, Астана – Қарағанды тас жолы бойында 303 пәтерлік жатақхана құрылысын аяқтау жоспарлануда. Сонымен қатар, «Үркер» тұрғын үй алабында 160 пәтерлік тағы бір жатақхана салу көзделуде.

### ЖАҢА НЫСАНДАР БОЙ КӨТЕРЕДІ

Айта кету керек, министрлік тарапынан 2024 жылы 7,2 миллиард теңгеге 435 бірлік медициналық жабдық сатып алынды. Сонымен қатар, 47 жедел жәрдем көлігі қолданысқа берілген болатын. Халық санының өсуін ескере отырып, өткен жылы екі перинаталдық орталық пен көпсалалы ауруханa құрылысын бастау жобалары қолға алынды. Қазіргі уақытта Сарыарқа ауданында перинаталдық орталықтың құрылысы жүргізілуде. Бұйыртса, 2027 жылы пайдалануға берілмек. Алматы ауданында екінші перинаталдық орталықтың және көпсалалы аурухананың жобасы биыл аяқталып, олардың да құрылысы басталады.

«Қосымша Өндіріс және Capital Park тұрғын ауданында тағы екі мемлекеттік емхана және Байқоңыр, Нұра, Алматы аудандарында жедел жәрдем станцияларын салу жоспарлануда. Бүгінде дәл осы жобалар бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қалалық әкімдік денсаулық сақтау нысандарының құрылысына жеке инвестицияларды тарту бойынша да белсенді» дейді Әлия Рүстемова. Оның айтуынша, биыл «Нұрлы жол» теміржол вокзалы мен Хуссейн Бен Талал аудандарында толыққанды екі жеке емхана іске қосылады. Ал алдағы үш жылда инвесторлар есебінен Viamedis Жағалау тұрғын ауданында және DV Project Тельман тұрғын ауданында екі емхана ашылады деген жағымды жаңалық бар.

# ОНКОСКРИНИНГ БАРЛЫҒЫНА ТЕГІН

Мәжіліс денсаулық сақтау саласындағы нормалардың артық заңнамалық регламенттелуін болғызбау мәселелері бойынша заң жобасын екінші оқылымда қабылдады. Мәжілістің ақпаратына сәйкес, енді медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында онкоскрининг барлығына қолжетімді болады.



«Халықтың нысаналы топтарын скринингтік зерттеулермен толық қамту үшін мәжілісмендер тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында көрсетілетін қызметтер тізіміне онкологиялық ауруларды ерте анықтау бойынша скринингтік зерттеулерді енгізуді ұсынды. Осылайша, зерттеу сақтандыру мәртебесіне қарамастан, Қазақстанның барлық азаматын қамтитын болады. Сондай-ақ депутаттар заңға жергілікті бюджет қаражаты есебінен әкімдіктердің медициналық айғақтары бойынша мүгедектігі жоқ есту қабілеті бұзылған азаматтарды есту құралымен қамтамасыз етуі туралы нормалар енгізуді де ұсынды. Түзету мүгедектіктің алдын алуға және есту қабілеті бұзылған адамдарға әлеуметтік қолдау көрсетуге бағытталған» делінген хабарламада.

Халық қалаулысы депутат Асхат Аймағамбетов осы заң жобасына қатысты пікір білдірді.

«Бүгін өте маңызды екі түзету қабылданды. Біз оны екі жыл бойы дайындадық. Бірінші түзету – 3,5 млн қазақстандық үшін жақсы жаңалық. Неге? 3,5 млн адам медициналық сақтандырумен қамтылмаған. Бүгінгі таңда олардың онкология бойынша скринингтен өтуге құқығы жоқ, яғни бұл адамдарды ешкім қабылдамайды, скринингтен өткізбейді. Ал скринингтен өтпегеннен кейін қатерлі ісікті ерте кезеңде анықтау мүмкін емес. Ауруды үшінші, төртінші кезеңде анықтағаннан кейін емдеудің өзі үлкен нәтиже бермейді» деді ол.

# АЛҒЫСТАН БАСҚА АЙТАРЫМ ЖОҚ

Елордадағы №1 қалалық аурухананың неврология бөлімінің дәрігерлері мен медбикелерінің жоғары кәсібилігі туралы бұған дейін көп естігенмін. Науқастарға мұқият қарау, дәрігерлердің шеберлігі мен біліктілігі – сауығуға деген сенімді арттыратынына тағы көзім жетті.

Мен, әсіресе бөлім басшысы Бағжан Сыздықованың жұмысын ерекше атап өткім келеді. Әйгілі Амиельдің «Идеал дәрігер – бұл өмір мен адам жанын терең түсінетін адам, ол кез келген ауруды интуитивті түрде сезіп, айналасын сәулелендіреді» деген қанатты сөзі Бағжан Рыспайқызына дәл айтылғандай. Ол – неврология және жүйке жүйесінің аутоиммунды аурулары орталығының жетекшісі. Оның негізгі қағидасы – науқасқа деген құрмет. Қазақтың «Жақсылық еккен алғыс орады» деген мақалының мәні өте қарапайым және түсінікті. Мұндай адамдарды көргенде ризашылығымызды білдіргіміз келеді. Бөлімнің білікті мамандары Анар Сабенова, Айгүл Саденова, Игорь Степанов, Сағыныш Қанатқызы, Есжан Сапарханұлы және медбикелер Ғалия Абсейтарова, Ұлжалғас Тас, Сара Садықова, Зарина Ташкимбаева, Әсем Нақыпова, Ақбота Рүстем, Арай Абдуллаева, Қаракөз Ерболат, Қарлығаш Бөртебаева, Фарида Советтікқызына науқастарға, әсіресе қарт адамдарға ерекше қамқорлық көрсетіп, құрметпен қарағаны үшін алғыстан басқа айтарым жоқ. Олардың бізге берген кеңесі өте құнды. Өйткені ауру жандар ерекше көзқарас пен қамқорлықты қажет етеді.

**Найля ТАКЕНОВА,**
**ҚР Журналистер одағының мүшесі**

Бетті дайындаған **Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ**

# АРХИВКЕ ҚАШАН ЖАРЫҚ ТҮСЕДІ?



Нұржан СӘДІРБЕКҰЛЫ, тарихшы-генеалог зерттеуші. 1982 жылы туған. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университетінің тарих факультетін бітіргеннен кейін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистратурасын тәмамдайды. Қазақ энциклопедиясында, Алаш тарихын зерттеулер орталығында ғылыми қызметкер болып еңбек еткен. Қазіргі таңда тарихшы генеалог ретінде жеке жұмыс істейді. Сонымен қатар Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның мүшесі.

**– Сіздің зерттеу тақырыбыңыз қазақ шежіресі, генеалогия, елімізде тұрып жатқан этностардың шежірелік деректерін зерттеу болса да, бұл сұхбатымызда мұрағаттардың бүгінгі жағдайын тарқатсақ бола ма?**

– Мені осы архивтерді сынағыш деп жақтырмайды базы бір кісілер. Жақсы ниетпен айтқан сөзімді жаманға жорып, «хайп» қуған, бас пайдасын ғана ойлайтын арызқой дейтіндер де бар. «Айтқанның аузы жаман, жылағанның көзі жаман» дегеннің кері шығар. Елдің архив саласын қолында ұстаған шенеуніктерде өзімбілемдік, әшки сұртушілік, әрекетсіздік, ысырапшылдық, ұйымсыздық байқалады.

Құжаттардың сақталу жағдайына байланысты айтар болсам, кейбір құжаттар жоғалған немесе басқа елдердің архивтеріне беріп жіберілген. Және елімізде көптеген активтерде құпия архивтері бар олар мүлдем қолжетімсіз. Соңғы кездері осы қуғын-сүргін құрбандарын ақтау комиссиясының аясында көптеген құжаттағы құпиясыздандырылды. Бірақ әлі де құжаттарды құпиясыздандыру ісі толығымен аяқталған жоқ. Қуғын-сүргін тарихына қатысты көптеген құжаттар әлі де құпия активтерде жатыр. Оның әрине, белгілі бір саяси себептері болуы кәдік. Бұдан бөлек, ашық архивтердің өзінде көптеген құжаттар зерттеушілерге қолжетімсіз болып отыр. Қазіргі заманда интернет технологияларды жоғары дамыған заманда бәрібір архив цифрландыру дәрежесі ең төмен, ең қолжетімсіз мекеме болып отыр.

**– Әлемдік мұрағаттарда көптеген озық тәжірибелер бар, алысқа бармай-ақ, көрші Ресейде архив саласы оқ бойы озып кеткен екен.**

– Ресейдің архивтері цифрландырып, опистері аты-жөндері толығымен сайттарына салынды. Ол жерден көріп онлайн-тапсырыс беруге болады. Мысалы, Астрахан архивінде көптеген құжаттардың электрондық нұсқасы салынды, электрондық нұсқалар кейінірек зерттеушілер тарапынан мәтін түріне айналдыруда. Бір мысалы татар, башқұрт бауырларымыз метрке кітаптарын цифрландыру, аудару ісін жақсы жасады. Том-томдаған кітаптарды он жыл бұрын баспадан шығарды. Сайттар жасап, мәліметтермен толтырып қойған. Ал Москва архивінде кейбір нұсқалары онлайнда тұр. Тарихқа жанашырлық таныту деген осындай болады. Бірақ біздің елде әлі сол «круглый даталарды» тойлап жүр.

Тарихты халыққа жақындату үшін, ескі метрке кітаптарын қазақ тіліне аударып, жеткізу керек. Шежіреміздің, тарихымыздың негізі осында жатыр.

Ескі метрке кітаптары бүткіл Архив қорының бар болғаны 1-2% ғана құрайды. Бұлардың жалпы көлемі осындай аз болғандықтан, электрондық нұсқасын жасау көп қиындық туғызбайды.

Басым көпшілігі қазақтардан құралған Бөкей ордасының, Орал метрке кітаптарын аударуды Жантас Сафуллин, Qazybek Quttymuratuly бастаған азғантай топ бастап кетті. Бірақ қаражат, қолдау болмаған соң өкінішке қарай, тоқтап қалды.

Әсіресе, халық санағы мәліметтерін бірінші кезекте цифрлық жүйеге келтіріп, жалпы халыққа қолжетімді ету. Бұл шежіремізді толықтыруға көмектеседі. Мысалға айтайық, бүкіл Ақмола, Көкшетау өңірінің 1917 жылғы халық санағы дәптерлері бар. Осылар цифрландырылса, барша халыққа онлайн түрде қолжетімді болса дейміз. Бұл деректер жарияланбасын деп тыйым салуға ешкімнің қақысы жоқ! Жариялансын, жалпыға бірдей қолжетімді болсын деп айтқан кісінің бас пайдасы да жоқ!

**– Архив құжаттарды цифрландыру сонау 2005-2007 жылдан бері айтылып келе жатса да өзгеріссіз қалған ба?**

– Дәл бүгінгі күні бұл үрдіс орнынан қозғалған жоқ. Кезінде электрондық архив жүйесін жасаймыз деп, бюджеттен көптеген миллион қаражат аударылып, ақыры ізсіз құрдымға кетіп, нәтижесіз қалды. Оның былығы аудиторлық есеп тексеріс кезінде баспасөзде ашық жарияланды. Бәрімізге белгілі. Еліміздегі әр архив электронды тәртіп жүйесіне қосылды дейді, бірақ бұл архив жұмысын реттейтін тек ішкі жүйе болып отыр.

Архив ісі дамыған елде архивтердің опистері цифрландырып жатыр. Цифрландыру дегенде алдымен құжаттың электронды көшірмесі алынады, одан кейін мамандар оны оқып, текстi теріп шығады. Ол болашақта индексация болуы үшін қажет. Бір адам бір жер атауына байланысты «Бес терек немесе Үш терек ауылы» деп іздеген кезде осы сөз арқылы қандай дерек қай архивте жатқанын біледі, онлайн қол жеткізе алады. Құжаттардың опистерді қазақша айтқанда, тізімдемелерді цифрландыру өте маңызды.

Әзірге, еліміздегі коррупция деңгейінің жоғарылығы, бюрократиялық аппараттың өте ауыр қозғалуына байланысты, менің ойымша, архивтер ең консерваторлық, ең керітартпа ұйым болып отыр деп айта аламын.

Архивке қаражат бөлінбейді деген сөз өтірік. Себебі мемлекеттік сатып алулар сайтына кіріп, бұрындары архивке бөлінген қаражаттарды тексерсеңіз, өте қомақты қаражаттар құйылған саланың бірі екеніне көзіңіз жетеді. Сол шамада архивтер электронды құжат жүйесін жасап жатырмыз деп «DATA центрлер» құру үшін миллиондаған сомада қаражат алған. Нәтижесінде барлығы бірдей орталық құра алмады, ақша желге ұшты. «DATA центр» деген бірнеше жүздеген компьютерлерден құралған арнайы бөлме, ақпараттық қуат сол жер жерде жиналады, мұны «жад қоймасы» деп айтса да болады. Сол жерде құжаттардың цифрланған көшірмелері жиналып, кабельдер арқылы интернетке қосылып тұрады. Интернеттің миы десе де болады. Бұл өте көп қаражатты талап етеді. Мүмкін қаражат түскен соң көп нәрсе жасалған шығар, онда жасағанын жұртқа көрсетпеді, не шала жасалды, ең жаманы, әншейін қағаз түрінде қалып қойған болуы керек.

**БҰЛ МӘСЕЛЕДЕН ШЫҒУДЫҢ ЖОЛЫ – БАРЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫ ЦИФРЛАНДЫРЫП, САЙТҚА ЖҮКТЕП, СОЛ АРҚЫЛЫ ІЗДЕНУШІ ӨЗІНЕ КЕРЕК МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕРДІ ОҚЫП АЛУҒА МҮМКІНДІК ЖАСАУ КЕРЕК**

**– Қанша дегенмен елімізде үлкенді-кішілі архивтер жұмыс істеп жатыр ғой.**

– Архив, негізінен, әлеуметтік сұрауларды қанағаттандыруға басымдық береді. Яғни, адамның жасына байланысты зейнетке шығу кезінде жұмыс өтіліміне байланысты қысқа мерзімде анықтама береді. Ғылым үшін емес, жеке тұлғаның сұранысын орындау үшін жұмыс жүргізіп жатыр. Алайда мына мектеп қашан ашылды немесе пәленше деген кісінің атасын іздеп жүр едім немесе пәлен жазушы қай жерде өлді деген сияқты сауалдардың жауабын беруде мүдіреді. Олар үшін зейнеткерлердің әлеуметтік сұраулары бірінші кезекте, бар жұмысын соған қарай икемдеп алғандай көрінеді. Әрине, ол да қол байлайды, штаттың саны өте шектеулі.

Бұл мәселеден шығудың жолы – барлық құжаттарды цифрландырып, сайтқа жүктеп, сол арқылы ізденуші өзіне керек мәселесіне қатысты деректерді оқып алуға мүмкіндік жасау керек. Бұл музейтанушы, филологтар, тарихшылар мен жеке әулетінің тарихын зерттеуші жай адам үшін де керемет іс болар еді. Архив саласы қашан цифрланады деп күтіп жүрген әртүрлі саланың мамандары өте көп. Шетелде оқып жатқан біздің студенттер де мүдделі. Мысалы, қазақ ұлттық киімдерінің тарихын зерттеп жүр едім, сол туралы архивте қандай деректер бар деп сұрайды. Мәлімет көп, келіп зерттейсіз деймін. Мұхиттың ар жағында отырған студент интернетте жоқ па деп тағы сұрайды. Жоқ!

**– Бұл мәселенің бір жағы болса, мұрағат құжаттарын тану, шын мағынасына бойлау да зерттеуші үшін маңызды ғой. Ақпаратты халыққа дұрыс жеткізу үшін ғалымға қаншалықты дайындық қажет?**

– Иә, мұрағат құжаттарын тану өте маңызды және бір ғана қорды зерттеп емес, бірнеше қорды зерттеп және жан-жақты зерттеу қажет. Бір ғана табылған құжаттың негізінде жалпы баға беру өте қауіпті. Бір нәрсе туралы толық тұжырым жасау үшін бірнеше құжатқа сүйенген кезде толық дәлелді дәйекті тұжырым болып шығады. Сондықтан зерттеушілер архивте өте көп уақытын арнайды. Кейде бір маңызды деректерді табу үшін тұтас архивтің 10 мыңнан 50 мыңға дейінгі құжатын сүзіп шығу керек болады.

Ал зерттеушілер әсіресе жас мамандар күрделі тақырыптардан айналып өткісі келеді. Бірінші себебі архивтер қолжетімді емес, екінші себебі бұл жұмыстың машақаты өте көп, көп уақыт алады. Қазіргі кезде мәдениет министрі тарапынан шыққан бұйрық бойынша бүкіл архив құжаттары көшірмесін алу ақылы негізде болады деп жазылған. Осы бұйрыққа сүйеніп қазіргі кезде барлық архивтер құжаттардың көшірмесін ақылы ете бастады. Бұл, әрине, дұрыс емес, бұл зерттеушілердің қалтасын қағады.

Алайда тек қазақ ғалымдары зерттеуі тиіс дүниелер шаш-етектен. Еліміздің ең бай архиві Орталық мемлекеттік мұрағаттың 1,5 миллионнан астам құжаттары бар.

Бір Өзбекстанда XI ғасырдан бастап деректер қамтылған, қала және аудан орталықтарындағы мұрағаттарды айтпағанның өзінде екі жүзден астам мемлекеттік архивтің құжаттарын мәпелеп отыр. Онда Қазақстандағы бұрынғы замандағы мешіттер, медреселері, вакуфтар туралы құжаттар бар. Ол құжаттар өзбекстандық зерттеушілердің назарын аудармайды, аз керек қылады. Ресейдегі сондай Қазақстандағы мешіт-медреселері туралы көптеген құжаттар бар. Бұл медреселерде қызмет еткен имамдар туралы көптеген мәліметтер бар. Оның да қазақ зерттеушілерінен басқа ешкімге керегі жоқ. Соны түсінуіміз керек.

Сұхбаттасқан **Айгүл УАЙС**

---

Бүгінгі таңда балалардың әліппесі – әлеуметтік желі, емізігі – TikTok, бесік жыры Instagram десек артық болмас. Адамзат баласын отырғызып-тұрғызған осы құбылыстардың әсері, әсірелеп айтсақ, атом бомбасынан кем болмай тұр.

# ӘЛІППЕСІ – ӘЛЕУЖЕЛІ, ЕМІЗІГІ – ТІКТОК

Өткен жылы әріптесім Ерлан Сайыров TikTok платформасының қоғамдағы кері әсері туралы тиісті орындарға дабыл қағып еді, селт еткен жан жоқ.

Сенатор әріптесіміз Нұртөре Жүсіп «бұрын балаларды «тәк-тәкпен» тәрбиелейтін едік, қазір TikTok-пен тәрбиелеп жатырмыз» деп еді мінбеден. Әлі тыныштық.

Сөз жоқ, қазір – ақпараттық ғасыр. Әлеуметтік желілер өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Пайдалы жағы да жоқ емес. Алайда ұлттық тәрбие мен дәстүр-салтымыздың уықтарын талқандап, ақыл тоқтатпаған, жақсы мен жаманды әлі толық ажыратып үлгермеген балалар мен жасөспірімдерді меңдуана жегендей меңіреу әлемге бастап бара жатқан жағдайдың алдын алмасақ опық жейміз.




Бұл ретте, балалар мен жасөспірімдер арасында TikTok кеңінен танымал. Соңғы екі жылда 14,1 млн қазақстандық тіркеліпті. Бұл желінің негізгі тұтынушылары да – сол бесіктен белі шықпаған балалар мен жастар. Онда пайдалы контенттен гөрі, жастарға теріс әсер ететін зиянды ақпараттар өріп жүр.

Құмар ойындарды жарнамалау, стримдер арқылы әдепсіз әрекеттер көрсету, боқауыз сөздер, порнография, суицидке шақыру, діни уағыздардың оңды-солды таралуы, буллинг, тыйым салынған заттардың жарнамасы секілді теріс әрекеттерге шақыратын лас ақпараттар осы TikTok арқылы таралуда. Жасөспірімдердің TikTokтан көргенін қайталап, жағымсыз қылық пен әдепсіз іске үйір болып бара жатқаны да жасырын емес.

Мәселен, «Мысық серуені» деп аталатын челленджді мыңдаған жас қайталаса, оған қатысушылар подиум моделіндей көшеде өтіп бара жатқан адамдардың алдында жүруі тиіс. Мән-мағынасы жоқ челлендждің қаралымы 500 миллионнан асқан. Екі жастың біріне келмеген қыздарымызды бөксемен билеуге шақырып, арнайы үйрену үлгілерін ұсынып жатқан контенттер саңырауқұлақтай қаптады. Расында, қазіргі таңда ұрпақ тәрбиесімен тікелей әлеуметтік желілер айналысуда. Соның салдарынан ұлттық құндылықпен сусындамаған жас ұрпақ өсіп келеді.

Осыны ескеріп әлем елдері мұның одан әрі етек алуына жол бермеу мақсатында TikTok-қа шектеу қою немесе ондағы контентке бақылауды күшейтуді қолға алуда. Мәселен, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан елдері TikTok желісіне ішінара немесе толық шектеу қойды. Ал Франция үкіметі жасөспірімдердің интернетке қолжетімділігін заңнамалық деңгейде ретті. Австралия 16 жасқа дейінгі балаларға қолдануды заңмен шектеді. Осы жоғарыда аталған елдердің бір білгені бар шығар... Еуропалық Одақ, Канада, Ұлыбритания, Жаңа Зеландияда балалар қауіпсіздігіне қатысты алаңдаушылыққа байланысты 2023 жылы шешім қабылдап үлгерген. Керек десеңіз, TikTok-тың атасы саналатын Қытайдың өзінде бұл платформа қолжетімді емес.

Біз де жеделдетіп TikTok-қа шектеу қою мәселесін қарастырғанымыз жөн. Өйткені TikTok-ты шамадан тыс қолданудың психологиялық әлеуметтік және академиялық салдары, баланың санасы мен денсаулығына кері әсері аз емес. Тіпті, офтальмолог-дәрігерлер телефонға телмірген балалардың арасында кейінгі бес жылда көз аурулары күрт көбейіп кеткенін айтады. Сондықтан ұрпағымызды TikTok-тан келер азғындықтан арашалап қалу үшін осы мәселені тағы көтеруімізге тура келіп отыр.

Сондықтан, Үкіметке төмендегі іс-шараларды қолға алуды ұсынамын.

1. TikTok-тағы әдепке, ұлттық құндылықтарға, дәстүріміз бен салтымызға қайшы келетін, балалардың санасын улайтын, теріс әдеттерге шақыратын барлық контентке шектеу қою.

2. Елімізде TikTok-ты кәмелеттік жасқа толмаған балалардың пайдалануына қатаң шектеу қою немесе мүлдем тыйым салу тетіктерін қарастыру керек деп есептейміз.

**Жанарбек ӘШІМЖАН,**
**Мәжіліс депутаты**

# ҚАЗАҒЫНЫҢ ҚАЗАНАТЫН ІЗДЕГЕН

Сәдібек Түгел – бала жастан, ат жалын тартып мінген кезден көкірегі от-жалын, ұстанымы жоғары азамат. Еліміздің інжу-маржаны өр Алтай, асқар Алтай бауырайында, асау Ертіс, ерке Ертіс жағасында дүниеге келіп, бүкіл саналы өмірін Ұлы дала мәдениетінің темірқазығы болып саналатын ұлттық ат ойындарының дамуына және елордамыз – Астана қаласының өсіп-өркендеуіне арнап келеді.



Бұл жолда Сәкең өршіл мінезі мен қайсарлықты, қайраткерлікті ұштастырып, дарынды ұйымдастырушы екенін танытып, небір қиындықтарға төтеп беріп, ел арасында зор абырой, беделге ие болып отыр. Жазушы, зерттеуші Сәдібек Түгел «Қайдасың, қазағымның Қазанаты?!» деп әлемге жар салып, елімізде алғашқылардың бірі болып халқымыздың асыл қазынасы, ұлттық құндылықтарының бірі де, бірегейі де болып саналатын қазанат тақырыбын жете зерттей білді және бұл ұғымды қоғамда кеңінен қалыптастыра алды. Бір өзі бірнеше институтқа жүк болатын игілікті жұмыстарды атқарды. Көп еңбектеніп, ізденіп қалың оқырманның құрметіне ие болған «Қазанат» кітап-энциклопедиясын Кеңес Рақышевпен бірлесіп 2006 жылы жарыққа шығарды. Сол жылы «Қазанат» кітабы Мәскеу қаласында өткен «Кітап өнері» халықаралық байқауының жеңімпазы атанды және Қазақстанның ең үздік басылымы болып танылды.

Сәдібек Түгел жігіттік намысты ту етіп ұстап, дүние-мүлкін ломбардқа салып, аты аңызға айналған даңқты тұлпар Құлагерге «Астана-Көкшетау» автобанының бойында ескерткіш тұрғызды. Сенімді серіктерімен ұлттық спорт түрлерімізді дүниежүзіне танытты. Мажарстанда өткен Әлем шабандоздарының бірінші фестивалінде, Ұлыбританияның Лондон қаласында ұйымдастырылған Әлем бүркітшілерінің 1-фестивалінде, қазақ көкпаршыларының Түркиядағы тарихи жеңістері соған дәлел. Сол жарыстарда Сәдібек Түгел бастаған қазақтар әлемнің 53 мемлекетінен озып, үлкен доданың 3 мәрте бас жеңімпазы атанып, елімізге үлкен абырой әкелді. Сәдібек Түгел – Ұлттық ат спорты федерациясының, Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының негізін қалаушылардың бірі. Ұлттық спорт түрлерінің жүйелі дамуына және ережелерінің алғашқы нұсқаларын жасауға белсене қатысып, Алматы қаласында өткізілген қазақ атбегілерінің тұңғыш құрылтайының бастамашысы болды. Сәдібек Түгелдің бастауымен «Қазақ атбегілерінің кодексі», «Ұлттық спорттың гүлденуі 2010-2020» бағдарламаларының және «Ұлттық спорт туралы» заңының жобалары дайындалып, жазылды. Қоғамдық негізде, мемлекеттен бір тиын қаржы алмай Ұлттық спорт түрлерінен 27 республикалық федерация, 16 облыстық, 80 қалалық, 165 аудандық, 325 ауылдық-селолық филиалдар құруға қатысты. Сәкеңнің тікелей басшылығымен және ұйымдастыруымен 1995 жылдан 2013 жылға дейінгі аралықта бәйгеден, көкпардан, ат спортынан және барлық ұлттық спорт түрлерінен халықаралық, республикалық, аймақтық, аудандық, ауылдық деңгейлердегі жарыстар жоғары деңгейде өткізілді. Ол Ұлттық ат спорты федерациясы мен Ұлттық спорт түрлері қауымдастығын құру кезінде барлық облыстарға, аймақтарға өзі барып, жиналыстар өткізіп, қажетті жұмыстар істеді.

Сәдібек Түгел 1998 жылдың басында жарқыраған жаңа елордамыз – Астана қаласының тұңғыш баспасөз хатшысы болып, қайнаған қазанның, жаңа шаһар құрылысының басы-қасында жемісті жұмыс атқарды. Ол Астана баспасөзінің негізін қалады. Астана қаласының «Халықаралық баспасөз орталығын» құрып, 1500-ден астам әртүрлі елордаға қажетті ұлағатты іс-шаралар, соның ішінде баспасөз мәслихаттарын, кездесулер, журналистік семинарлар, басқосулар өткізді. Соның ішінде Сәдібек Түгелдің идеясымен және тікелей басшылығымен өмірден ерте өткен дарынды астаналық журналист-қаламгерлерді еске алуға арналған «Олардың есімдері біздің жүрегімізде» – «В памяти наших сердец» атты кештері ұйымдастырылды. Сәдібек Түгел – Астанаға арналған 10 кітаптың авторы, Қазақ радиосы ұйымдастырған «Астананың 10 жылдығының қаһарманы» байқауы аталымының жеңімпазы. Оның қаламынан «Астана хикаялары», «Көк күмбезді Астана», «Астана – жерұйығы елімнің», «Астана – триумф страны», «Астана – город солнечной мечты», «Өсе бер, өрлей бер, Астана!», Дәурен Мұсамен бірлесіп шығарған «Алғашқы астаналықтар» – «Первопроходцы Астаны» кітап-энциклопедиясы, басқа да кітаптар туды.

Сәдібек Түгелдің бір қыры – қайраткерлігі. Ол досы Марат Нәбиевпен бірлесіп, «Бірлігі мықты ел озады!» ұранымен ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын «Ұлы дала қырандары» атты республикалық, қоғамдық, мәдени-әлеуметтік-халықтық қозғалысын құрды. Бұл қозғалыстың негізгі мақсаты – халыққа адал қызмет ету, ұлттық құндылықтарды ұлықтау, Ұлы дала мәдениетін жаңғырту және ел бірлігін нығайту. Сәдібек Түгел тең төраға болған ұйым көптеген игілікті іс-шараларды жоғары деңгейде өткізді. Олардың ішінде «Ұлы дала – ұлттық рух!», «Бұлақ көрсең көзін аш», «Туған табиғатты аялайық», «Ауыл – алтын бесігіміз» атты елге қажетті акцияларды, Қытай елінде тұратын қазақтардың тұрмыс-тіршілігімен танысу сапарын өткізіп, республика деңгейінде жастарды биік рухани адамгершілікке, ізгілікке, инабаттылыққа, арды сақтауға тәрбиелейтін жұмыстарды тиянақты жүргізіп жатыр.

Сәдібек Түгел Қазақстан Республикасы Жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің бастауымен құрылған «Парасат жолы» республикалық орталығының басшысы ретінде еліміздің 12 облысында болып, жүздеген игілікті іс-шаралар өткізіп, қалың қауыммен және жастармен кездесті. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттіктің Әдеп комиссиясында тұрақты жұмыс істеп, мемлекеттік қызметтің заман талабына сай дамуына белсенді атсалысып отыр.

**Дидар ОРАЛБЕКҰЛЫ**

# МАРҒҰЛАН МЕКТЕБІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ СЕМИНАР

Елорданың Әлкей Марғұлан атындағы №40 мектеп-лицейінде «Тиімді әдіс-тәсілдер мен ұлттық құндылықтар сабақтастығы» тақырыбында қалалық семинар өтті.

Семинарға қалалық Әдістемелік орталығының әдіскерлері, Астана халықаралық университетінің колледжінің студенттері мен бастауыш сынып мұғалімдері қатысты. Жиын барысында әдіскер Нұржамал Әзімбай «Formative Assessment: Оқу үдерісінде үздіксіз бағалау жүргізудің тиімді әдістері» баяндамасын таныстырды. Сондай-ақ «Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыру» тақырыбындағы мұғалімдер өз тәжірибелерімен бөлісті. Баяндамада «Өркениет жобасы» аясындағы «Аталар», «Әжелер», «Әкелер», «Аналар» мектептерінің жұмысы туралы айтылды.

Семинардың екінші бөлімінде Астана қаласының №40 мектеп-лицейінің бастауыш сынып ұстаздары «Әдебиеттік оқу пәнін оқытуда ұлттық құндылықтарға негізделген әдіс-тәсілдер», «Байырғы қазақ өлшемдері арқылы логикалық ойлауды дамыту тәсілдері», «Сабақтың тиімділігін қамтамасыз ететін әдістер және оқыту тәсілдері» тақырыптарында шеберлік сыныптары өткізілді. №58 мектеп-гимназия, №68 мектеп-гимназия және Ақмола облысының Қоянды ауылы №2 орта мектебінің ұстаздары өздерінің үлгі сабақтарын бөлісті. Сондай-ақ семинар қатысушылары «Марғұлан музейінің» тыныс-тіршілігімен танысып, Астана халықаралық университетінің колледжінің студенттері өздерінің қызықтырған сұрақтарын қойды.

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

«Астана қаласының сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы № 505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша қоғамдық талқылаулар келесі сұрақтар бойынша өткізілетіні туралы хабарлайды:

1) Алматы ауданында орналасқан жер учаскесінде, әл-Фараби және Р.Қошқарбаев даңғылының қиылысу ауданында, «Автожуу бар әмбебап сауда-техникалық кешен (12-14) және ТКҚ (3-бекет)» объектісін орналастыру бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша, тапсырыс беруші Русюк В.А.

2) Алматы ауданында, Қажымұқан көшесі 8а ауданында орналасқан жер учаскесінде қосымша сауда үйінің объектісін орналастыру бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу, тапсырыс беруші «Түркістан сауда-2005» ЖШС.

Қоғамдық талқылаулар 2025 жылғы 26 наурызда сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде n.seitzhaparov@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

А.Қ.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының ұжымы институттың сапаны қамтамасыз ету және кәсіби құзыреттер бөлімінің бастығы Ардак Кумысбековна Ильясоваға жолдасы **Мұратбек Қасымұлы ИЛЬЯСОВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## Астана қалалық Қоғамдық кеңесінің мүшелерін сайлау жөніндегі конкурс өткізу туралы хабарландыру

Астана қалалық Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобы Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» заңына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы №69 бұйрығымен бекітілген Қоғамдық кеңес туралы үлгі ережеге сәйкес Астана қалалық Қоғамдық кеңесінің мүшелерін сайлау жөнінде конкурс өткізетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық кеңестің сандық құрамы – 31 адам.

Конкурсқа қатысуға тілек білдіретін азаматтар, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері Қоғамдық кеңестің мүшелерін іріктеу жөнінде конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен кейін 10 жұмыс күні ішінде келесі құжаттарды қолма-қол табыстайды немесе төменде көрсетілген электронды адреске жолдайды:

1) Қоғамдық кеңестің құрамына үміткер ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысы және (немесе) азаматтың өтініші (1 және 2-қосымшалар);

2) өмірбаян деректері көрсетілген үміткердің кәсіби және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер (3-қосымша);

3) сотталғаны немесе сотталмағаны жөнінде анықтама;

4) психикалық, мінез-құлық бұзылыстары (аурулары), соның ішінде психикалық белсенді заттарды пайдаланумен байланысты психикалық, мінез-құлық бұзылыстарының (ауруларының) бары не жоғы туралы анықтама;

5) үміткердің дербес деректерін жинауға, өңдеуге, таратуға және жариялауға келісімі.

Заңның 10-бабының 1-тармағына сәйкес үміткерлерге қойылатын талаптар:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынып тасталмаған соттылығы болмауы тиіс;

2) заңмен белгіленген тәртіппен соттпен сыбайлас жемқорлық қылмысын және (немесе) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасағаны үшін кінәлі деп танылмауы тиіс;

3) психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда психикалық, мінез-құлық бұзылыстарына (ауруларына), соның ішінде психикалық белсенді заттарды пайдаланумен байланысты психикалық, мінез-құлық бұзылыстарына (ауруларына) байланысты есепте тұрмауы тиіс.

Құжаттарды қабылдау 2025 жылғы ақпанның 14-27-сі аралығында жүргізіледі.

Құжаттар Астана қ., Бейбітшілік көш., 11-үй, 218-кабинет мекенжайындағы «Астана қаласы мәслихатының аппараты» ММ-не табыс етіледі немесе astana@maslihat01.kz электронды поштасына жолданады.нықтама үшін телефондар: 55-66-31, 55-66-37.

*№ 1 қосымша*
*Астана қалалық Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобына*

______________________________
______________________________
*(Өтінім берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке куәлігі № ____, берген (қашан, кім берген)*
*тұрғылықты жері: ______________*
*(елді мекен, көше, үй, пәтер)*
*Телефондары (мобильді)*

**Өтініш**

Мен, ___(Т.А.Ә.), өз кандидатурамды Астана қалалық Қоғамдық кеңесінің құрамына енгізу үшін ұсынамын.

Осы өтініш арқылы өзімнің Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» заңының ережелерімен танысқанымды растаймын және оның талаптарын сақтауға міндеттенемін.

Келесі құжаттарды қоса тіркеп отырмын:

1) ______________________________
2) ______________________________
3) ______________________________
4) ______________________________
5) ______________________________
6) ______________________________
7) ______________________________

20___ жылғы «____» ____. Өтінім берушінің қолы ________

*№2 қосымша*
*Астана қалалық Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобына*

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» заңының 10-бабына сәйкес ________(коммерциялық емес ұйымның атауы, заңды тіркеудің № мен күні)___________ Астана қалалық Қоғамдық кеңесінің құрамына ___(үміткердің Т.А.Ә.) енгізу туралы ұсыныс енгізеді.

Осы өтініш арқылы үміткердің (Т.А.Ә.) Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» заңының талаптарына сәйкестігін растаймыз.

Үміткердің кәсіби және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер қоса тіркеледі.

___(коммерциялық емес ұйым басшысының қолы, Т.А.Ә.)
_________(мөр орны)

*№3 қосымша*

**Үміткердің кәсіби (және қоғамдық) қызметі туралы мәліметтер (үміткердің өмірбаян деректері)**

1. Т.А.Ә. (толық жазылсын)______________________
2. Туған күні және жері______________________
3. Білімі, мамандығы______________________
4. Жұмыс орны ______________________
5. Атқаратын қызметі ______________________
6. Қоғамдық қызметі ______________________
7. Тұрғылықты жері ______________________
8. Жеке куәлігінің деректері ______________________
9. Телефондары (мобильді, қызмет, үй) ______________

20___ ж. «____» ____________ Қолы ______________

# «ТҮЛКІЛІТАУДЫҢ АСПАНЫ» ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада белгілі журналист, «Астана ақшамы» газетінің шеф-редакторы, Ақпарат саласының үздігі, Қазақстан Президентінің БАҚ саласындағы сыйлығының лауреаты Төлен Тілеубайдың «Түлкілітаудың аспаны» атты кітабының таныстырылымы өтті.




Бұған дейін публицистикалық бағытта екі және ғылыми сипатта бір кітабы шыққан әріптесіміз бұл туындысымен әдебиет әлеміне қадам басып отыр.

«Түлкілітаудың аспаны» повесі, «Ақбөкен жылаған түн», «Ақ көгершін» және «Гүлсараның махаббаты» әңгімелері енген кітап негізінен жасөспірімдер мен жастарға арналған.

Адамға жақсы қасиеттер туған топырақтан, әкенің қаны, ананың сүтімен дариды. Әлемдік классик Гете «Ақынды танығың келсе, туған жеріне бар» депті. Бұл сөзді ақынға ғана емес, кез келген қаламгерге қатысты айтуға болады.

Төлен туған Қарағандының Ақтоғайында Қуаныш деген ауыл бар. Кезінде осы топырақтан шыққан қазақтың тұңғыш математигі, Алаш қайраткері Әлімхан Ермеков туған жеріне әйгілі этнограф Григорий Потанинді ертіп әкеліпті. Орыс ғалымы сонда Қуаныштың ақсақалдарынан 27 ертегі жазып алған екен.

Бұл деректі күні кеше ғана дүниеден озған мемлекет және қоғам қайраткері, қаламгер Қайырбек Сәдуақасовтың аузынан естіген едік. Сол Қуаныш ауылынан балалар әдебиеті бағытында көп қалам тербеген белгілі ақын Жеңіс Қашқынов та шықты. Сондықтан Төленнің бұл сүрлеуге түскені заңдылық секілді.

«Түлкілітаудың аспаны» кітабы өткен жылдың аяғында баспадан шықты. Қазір оқырмандар оқып, өз бағаларын беріп жатыр. Таныстырылымда да әңгіме, негізінен, кітап жөнінде өрбіді. Жазушы, қонаевтанушы Ораз Қауғабай тілегін айтып, жаңа кітабын сыйлады. «Астана ақшамы» газеті бас редакторының орынбасары Ғалым Қожабеков кітап жөнінде пікірін жеткізді. Төленнің жерлес ағасы, белгілі журналист Оралбек Жүнісұлы автордың иығына қазақы жолмен шапан жапты. Танымал композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кентау Назарбек кітаптың тәрбиелік мәні жөнінде әңгіме қозғады. Белгілі ақын Ғайсағали Сейтақ авторға кеңес берді. Төленнің курстасы Саян Қуанышбайұлының ойы «автор шығармасында өзін жазады» дегенге сайды. Әйгілі әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, өнертану профессоры Кенжеғали Мыржықбай көрнекті композитор, Қазақстанның Еңбек Ері Илья Жақановтың «Елегізу» атты элегиясын әуелетті.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

# МИРҒАЛИЕВАНЫҢ МЕРЕЙІ

Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының көркемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлсина Мирғалиеваның 50 жас мерейтойына орай шығармашылығына арналған дөңгелек үстел отырысы өтті.



Іс-шара белгілі театр режиссерінің осы күндерге дейін жүріп өткен өнер жолынан сыр шертетін бейнероликпен басталды. Гүлсина Мирғалиева Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында «драма режиссері» мамандығы бойынша Маман Байсеркеұлы шеберханасында білім алды. Шығармашылық жолын Көкшетау қаласындағы Ш.Құсайынов атындағы Ақмола облыстық драма театрында қоюшы режиссер қызметінен бастады. Одан кейін ширек ғасырға жуық Н.Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыкалық драма театрында еңбек етті. Осы өнер ошағының негізін қалап, көркемдік жетекшісі, бас режиссері, кейінгі жылдары директоры болды. Өткен жылдан бері Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының көркемдік жетекшісі.

Гүлсина Бақытжанқызы сахналаған спектакльдер көптеген республикалық және халықаралық фестивальдерде топ жарды. Соның кейбіріне тоқталсақ, Абайдың 38 қара сөзінің негізінде инсценировкасын жасап, өзі қойған «38 немесе Қарақұрт» спектаклі «Шабыт» шығармашыл жастардың VII халықаралық фестивалінде бас жүлде мен «Ең үздік режиссер» аталымдарын иеленді. Осы қойылым XIII республикалық театр фестивалінде «Шығармашылық жаңа ізденістері үшін» аталымын алды. Режиссер «Тарлан» тәуелсіз сыйлығының, «Еңлікгүл» кәсіби театр сыйлығының, «Сахнагер-2019» Ұлттық театр сыйлығының лауреаты, ТҮРКСОЙ ұйымының 7 халықаралық «ANADOLU» театр сыйлығының иегері. Жақында ғана Маңғыстау облысының Құрметті азаматы атанды.

Дөңгелек үстел отырысына қатысқан театртанушы, өнертанушы мамандар Гүлсина Мирғалиеваның театр режиссурасына қосқан үлесі, шығармашылық ерекшеліктері туралы әңгіме өрбітті. Мерейтой аясында таяуда Гүлсина Мирғалиева сахналаған Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» спектаклінің арнайы көрсетілімі өтті.

# ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫН ЖӘНЕ ЖАСТАРМЕН ЖҮЗДЕСУ

Астана қаласы әкімдігінің Байқоңыр ауданы бойынша Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында «Тарих. Таным. Ізденіс!» тақырыбында қысқы зияткерлік ойын өтті. Ал Сарыарқа ауданына қарасты Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының зейнеткерлері колледж студенттерімен кездесті.




Зияткерлік ойынға елордадағы бес орталықта 62-84 жас аралығындағы қызмет алушылардан құралған 7 команда қатысты. Әр команда құрамында 10 адамнан болды. Сайыс шағын концерттік бағдарламаға, әдеби-сазды кешке ұласты.

Өткен маусымда Байқоңыр ауданы бойынша Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы күзгі зияткерлік ойынның жеңімпазы атанды. Ал бұл жолы Сарыарқа ауданының «Сарыарқа» ойын тобы жеңіске жетіп, ауыспалы кубокты еншіледі. Байқоңырдағы орталықтың «Зейін» және «Зерде» ойын топтары жоғары дайындық көрсетіп, I және II орындарды иемденді. «Сырсандық» командасы үшінші орынға ие болды. Жалпы барлық командалар жақсы дайындықпен келгендігін көрсетті.

Менеджмент, бизнес және білім беру колледжінің қабырғасында студент жастар мен зейнеткерлер арасында өткен кездесу «Сенің мамандығың – сенің болашағың!» аталды. Жастарды еңбекке баулу мақсатында ұйымдастырылған іс-шара Жұмысшы мамандықтары жылына орайластырылды. Іс-шарада Сарыарқа ауданының ісмер әжелері өздерінің қолдан дайындаған бұйымдарын көрсетті.

Еңбек терапиясы үйірмесі ұйымдастырған көрмеге картиналар, ұлттық бас киімдер, тоқыма киімдер, ұлттық нақыштағы бұйымдар қойылды. Студент жастарға орталықтың тігінші және аспаз әжелері өздерінің еңбек жолын баяндап беріп, тәжірибелерімен бөлісті. Кездесу соңында екі буын өкілдері өз өнерлерін ортаға салды. Өнерлі жастар мен зейнеткерлер ән айтып, би билеп, музыкалық аспапта ойнады. Сарыарқа ауданының сәнқой әжелерінен құрылған «Кербез_models» тобы ұлттық киімдер топтамасын көрсетті. Биші ата-әжелердің «Элегенд-Дэнс» би тобы вальс биін биледі. Іс-шара соңында сөз алған колледж басшылығы зейнеткерлерге алғысын білдіріп, естелік сыйлықтарды табыстады.

# ӘН ӘЛЕМІНЕ САПАР

Ұлттық музейде музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімінің ұйымдастыруымен «Дана» жобасы аясында «Ән – көңілдің ажары» атты шығармашылық кездесу өтті.

К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті, Менеджмент, бизнес және білім колледжі, Еуразия гуманитарлық институты жоғары колледжінің студенттері қатысқан іс-шараның мақсаты – оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды дарытып, өнерге деген қызығушылығын арттыру, музейдегі жәдігерлер туралы мәлімдеу, музыка өнері арқылы әсемдік пен сұлулыққа баулу, эстетикалық тәрбие беру.

Кездесу барысында «Есіл-Нұра» халық аспаптары ансамблі өнер көрсетті. Шығармашылық ұжым Ұлы Абайдың «Торжорға» күйін, «Керімау, айдай» халық әнін, Үлебайдың «Дударайын», сондай-ақ ансамбльдің ерлер тобы Қазақстан композиторларының әндерінен «Попурри» орындап, көрермендер ықыласына бөленді.

Ұлттық музей қорындағы ән өнерінің биік жұлдыздары, әнші, композиторлардың жәдігерлері туралы айтылды. Олардың арасында ұлы Абайдың құтысы, Шәмшінің пианиносы мен мандолиносы, бас киімі, Мәдина Ералиеваның баяны, Кенен Әзірбаевтың домбырасы, Роза Бағланова мен Бибігүл Төлегенованың, Нұржамал Үсенбаева, Майра Мұхамедқызының сахналық киімдері, Ескендір Хасанғалиевтың пиджагі, және т.б. бар.

**Әсемай РИНАТҚЫЗЫ**




www.astana-akshamy.kz
**Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.**

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
**Тапсырыс № 21**
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

**Редакция мекенжайы:**
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

**Қабылдау бөлмесі:**
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

**aqsham1990@mail.ru**

Кезекші редактор – **Райхан РАХМЕТОВА**